

Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерту енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 27 қаңтар N 2832

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 24-бабы мынадай редакцияда берілсін (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат):

"24-бап. Сақтандыру

Міндетті сақтандыруға жолаушылар темір жол, әуе, теңіз, су, мемлекетаралық және облысаралық автомобиль көлігімен сапарға шыққан кездерінде олардың алдындағы тасымалдаушының жауапкершілігі мен автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады".

2. Осы Жарлық 1996 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті